

Саламат  
МҰКАШЕВ

Откенді  
Оймен  
шолғанда



Саламат МҰҚАШЕВ

# ӘТКЕНДІ ОЙМЕН ШОЛҒАНДА

ЕСТЕЛІК-ЭССЕЛЕР

Этү кнесін и портрет  
автора этой книжки  
принесен в дар Жамшы-  
хану краеведческому  
музею.

Урнашылған  
20 декабря 1996г.

«Өлке» баспасы  
Алматы  
1996

Саламат МҰҚАШЕВ

«ӨТКЕНДІ ОЙМЕН ШОЛҒАНДА»

*естелік-әсселер. — Алматы, «Өлкө» баспасы, 1996 — 144 бе*

Республикамызға белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ұз жылдар бойы Атырау және Маңғыстау облыстарын басқарған, Қаз ССР Жоғарғы Кенесі Президиумының Төрағасы болған ағам Саламат Мұқашевтың бұл кітабын — қазыналы өлкенің шежіресі деу де болады. Автор аталған өнір экономикасы мен мәдениетінің өркенд тарихын жүйе-жүйемен өзі куә болған оқиғалар негізінде әсер әңгімелей отырып, әрбір мәселенің тарихи тамырына шолу жасайд сол шаруаға қатысты адамдар еңбегіне әділ баға береді, бүгінгі жасалы жатқан жұмыстарға өз көзқарасын білдіреді, күрделі түйіндерді шешуд онтайлы жолын мегзейді.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

**ISBN      5-7667-1288-X**

© «Өлкө»

## АВТОРДАН

Адамның өмірі қамшының сабындағы қысқа ғой, көзді ашып жүмғанша өте шығады. Тек соның мағыналы, мәнді болғанына көзініз жетсе дәтке қуат етесіз.

Алғашқы еңбекке араласа бастағаным ажарты ғасырдан асқан екен. Содан бері талай тарихи оқиғалардың қуәсі болдық.

Еліміз патшалық Ресейдің боданы болған ауыр дәуірдің қалдырыған ізін көрдік, зар заманның зәрін татқан бабалар мен ағаларды кездестірдік.

Социалистік қоғамның соқпақты соқтықпалы тар жолының барлық ойлы-қырлы сатыларынан өттік.

Өткен өмірді оймен шолғанда оның қызығы мен шыжығын бірге көріп, ашысы мен тұщысын бірге татқан замандастарың еске түседі. Осыған орай ерен еңбектеріне өзім куә болған ғажайып адамдар, ерекше тұлғалар туралы деректі әңгімелер жазуды мақсат етіп жүрмін.

Бұған дейін Атырау мен Маңыстау өнірінің кейбір ардакты ардагерлерінің өнегелі өмірін әңгімелейтін шағын жинақ шығарғанмын. Мына кітап соның занды жалғасы.

*С.Мұкашев*

## ТҰТАС ТҰЛҒА

**Р**ахмет Өтесінұлы — республика Жазушылар одағының мүшесі, «Қазақстанның еңбек сіңген мұнайшысы», «ССРО-ның құрметті мұнайшысы» деген атақтардың иегері, белгілі қоғам қайраткері.

Рахметтің үлгілі өмірі, жемісті еңбекі, ерен ерлігі жөнінен, адамгершілік қасиеттері туралы көптеген газеттерде, журналдарда, кітаптарда жазылған, ел аузында аныздар да аз емес. Олардың көпшілігі негізінен Раханның Қазақстан мұнайшының алдыбы Өзеннің алғашқы директоры болған кездегі табысты еңбекін және апатқа ұшырап аяғынан айрылғаннан кейінгі қаһармандығын көрсетеді. Соларды оқып, көріп, естіп өткенді оймен шолғанда Рахметтің кайрат-жігері, терең ойлылығы, шешендігі тағдырдың ауыр таукіметіне душар болғасын ғана пайда болды ма, әлде оның әуелден қанына біткен асыл қасиеттер енді жарыққа шығып жатыр ма деген сұрақ туды. Бұл сұраққа кім жауап берे алады? Әрине, оның өзімен қатар өскен, бірге оқыған, жұмыстас болған жолдас-жорасы, дос-жараны ғана әділ де дәл баға беруі тиіс.

Менің Рахметпен ілкі кездескеніме елу жылдай болған екен. Содан бері қарым- катынасымыз үзілген емес, бір аймақта тіршілік етіп, бір салада істес боп жұбымызды жазбай жүрміз. Куанышшаттыққа да, қасірет-қайғыға да ортақтасқан, тілектес, сырлас жандармыз.

1949 жылы шілде айының атап ыстық күні еді, көйлегінің жендерін түріп алған, қалың шашын кейін қайырған қараторы жігіт асығыс кісідей тез кіріп келді де: «Саламатсыз ба, Рахмет» — деп қолын ұсынды. Мен таңырқағандай пішін көрсетіп стол жанына шықтым да үнсіз қолын қыстым. «О-ой, кешіріңіз, сіздің атыңыз Саламат екен ғой, ал Рахмет деген менің атым, сіз алғыс айтты деп ойладап қалған сияқтысыз» — дегенде екеумізде біраз рахаттана құлгенбіз.

— Біздің елде амандасудың түрі бұрынғыша: Сәлем бердік

— амансыз ба, салау мағалейкөм — әлиқімсәлем — деп ақталдым да, өзін толығырақ таныстырын сұрадым.

«Жолдас комсорг, мен Москвадағы мұнай институтының студентімін, каникулға шыққанбыз. Эке-шешем осында Доссорда тұрады. Бос мезгілім болғандықтан ұжымның қоғамдық өміріне араласқым келеді, жастар арасында атқаратын істерің болса мені пайдалан» — деді. Мен ризашылығымды білдіріп, алғысымды айттым, көрмеген астананың жайын, студенттердің жағдайын сұрап әңгімеге тарттым. Ол, Мәскеудің театрлары мен стадиондарына сиректеу баратынын, стипендияның аздығын, әйтседе көңілсіз емес екенін, елдің балалары жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын, олармен барды бөліп жеп, тірлік ететінін ұзак әңгімеледі. Жұмыс мезгілінің аяқталғанын байқамай да қалыптыз. Мен жастар жатакханасында тұратынымды айтып, асханаға кешкі тағамға шақырып ем, ол үйге баралық деп қолқа салды.

Рахметтің үйі үшінші ауылда екен, аласа жертөлеге еңкейінкіреп кірдік. Төрде отырған өзіміздің кәсіпшіліктегі жастарға үлгі ретінде дәріптеп, озат тәжіриbesін таратып жүрген, Доссорды алғашкы игергендердің бірі ардагер жұмысшы Өтесін Жайлыбаев ақсақалды көргенде кібіртіктеңкіреп қалдым. Менің кысылғанымды байқаған Өтекен: «Төрлет, жоғары шық, комсомол бала, ұялма, өз үйіндей көр» — деп ығысып орын берді. Үйдің іші жұпыны болғанмен ұқыпты жиналған, таза екен. Отыра бергенде Өтекен Рахметтен Кенжеғалиға бардың ба деп сұрады. Мен тағы да елең ете қалдым, айтып отырғаны партия үйімының хатшысы, менің тікелей бағынатын бастығым Ізтелеуов. «Парткомге кірдім, Кенжекен сізге сәлем айтты» — дегенде риза болғанын сездіріп, маған бұрылып: «Кенжеғали райком болып тұрғанда мұнайшылардың бір топ балаларын Мәскеуге апарып институтқа түсірген. Әйтпесе ұзак жолға шықпаған, Атыраудан басқа жерді көрмеген, орысшаға шорқақ жастарды кім окуға алушы еді» — деп кеудесін көтере күлді де әңгімесін жалғастырды. «Шырағым, сенің кенсценің жоғарғы қабатында отырғандардың көбі білімді, елге еңбегі сіңген атақты адамдар. Директор Аухатов Хансұлтан — Мәскеуде оқыған, мұнайлы Ембіде оның қолы тимеген іс болmas, жұмыстан басқаға алаңы жок, қол астындағыларынан қатаң тәртіпті талап етеді. Ал оның орынбасары Елеубаев Биялай өзінен аумаған ол да бір «күлмес хан», аз да жай сөйлейді, бірақ уәдесін орындаиды, айтқанын істетеді. Онысы дұрыс, бастық

болғасын басқару керек. Ана отырған Жиенбаев Мұса, Төлегенов Ерғали, Қосмағамбетов Бақтыгереj, Байтанағатов Рағих қазір есеп-қисап жұмыстарында жүргенмен, кезінде осы кәсіпшіліктің өркендеуіне үлкен үлес қосқан кісілер, олардан көп нәрсе үйренуге болады. Ал, мені сүйрей бермендер, егер шалдың жұмыс тәжірибесін үйренгісі келетін жастар болса маған өндіріске өздері келсін, құрал-саймандарды өз қолдарамен ұстап пайдалана білсін. Мен сөйлеуге орашолақпын, жаза білмеймін, оқымаған адаммын» — дегенде Дәмелі шешеміз: «Жарайды, балдардың мазасын кетіrmесенші. Қарағым, атаңың айтқанын ала берсөң қыншылықтан шықпайсың. Өткен қатты кыста пеш қыздыратын бір уыс жаңқа, жарты шелек мұнай әкелмей, үйдің салқындығынан бәріміз ауырып қала жаздадық» — деп дастархан жая бастады. Сонда, Өтекен: « Сен өзің надансың-әй, үкіметтің дүниясын үйге тасуға бола ма екен» — деп кенкілдеп құлгені әлі көз алдымда.

Рахметпен бірге өткізген сол бір ай жастық шақтың қыска болса да қызығылықты үзігіндей есте сақталды. Рахмет жас жұмысшылармен кездесіп мұнайдың табиғатта қалай пайда болғаны туралы, мемлекетіміздің күнделікті жағдайы жөнінен дәріс оқыды, орта білімді мұнайшылармен жеке кездесіп, оларды институтқа окуға шақырды. Сонда мектепті бітірісімен Рахметке еріп кеткен Оржанов Табын, Тәжиев Хасан институтты табысты бітіріп туған еліне келгесін жауапты жұмыстар атқарып, Республика мұнай өндірісінің өркендеуіне үлкен үлес қосты.

Осыдан кейін менің Харьков қаласына окуға кетуіммен байланысты хат арқылы хабарласып тұрдық.

Бір хатында: «Атыраудан мол мұнай көзі ашылатынына сенемін, ол тек уақыттың ісі. Сол сәтті жақыннату — мұнай мамандарының міндеті. Сондай жауапты да құрметті іске араласу — менің де арманым» — дегенді. Жақында осыны есіне салғанымда: «Ол бір «Жердің тұтқасы қолға тисе аударып тастан едім» дейтін жастық албырттық қой» — деп құлген.

Рахметпен екінші рет 1951 жылы Макатта кездестім. Күздің желкемді салқындау күні еді, көше батпак, жол жоқ. Алдымда біреу аттан түсіп, жүгенін еріне іліп жіберді де, мені күткендей ыңғай беріп тұрды, Рахмет екен. Ол кезде басшыларға көліктік ат берілетін. Себебі, автомашина жоқ, ал мұнай участкерінде жаяу жүру, әсіресе жауын-шашынды құндерде өте қын. Рахмет негізгі

мұнай өндіретін цехта бастық болатын. Сол күні атка мінгесіп «алты пәтер» деп аталатын шағын ауылдағы біздің үйге бардық. Дастархан жанында менің әкем Мақаттың соғысқа дейінгі және отты жылдардағы, әсіресе қазіргі жағдайын біраз баяндап берді. «Көнілеке (Көнілхөш), бір сөзбен айтқанда мұнайшылардың тұрмысы мәз емес, әлі өзгермеген, халық үміттің селбеуімен ғана шыдап келе жатыр десенші. Біздің өнірдің негізгі байлығы мұнай ғой, ал Атырау жерінің асты толған «қара алтын». Оған кешікпей жетеміз, әлде де шыдауымыз керек» — деп қорытындылады, Рахмет. «Біз не көрмедік, шыдаймыз ғой, аштықты да өткіздік, босқындыққа да ұшырадық, тек тыныштық болсын, өздерің аман болындар. Шырағым, тілім тасқа, жұмысшылардың сен жөнінен пікірі тәуір, қара халық қарапайымдылыққа бас иетін әдеті емес, пе, жас басшының сөлемі дұрыс екен деп жатыр, бұл — басына бақ құсының қонайын дегені, осы бағытынан қайтпа, құдай қолдасын» — деп тілек айтып, батасын берді.

Шынында да жаңа бастық жастығына карамастан аз мерзімнің ішінде көптің алғысын алғып, зор беделге ие болыпты. Оның парасаттылығы, кішіпейілділігі, жұмысқа қабілеттілігі жұртқа ұмытылмастай ұнапты. Әсіресе оның жайдары мінезін, кеңпейілділігін, қайырымдылығын ардагерлер де, соғыс жылдары менімен істес болған жастар да риза көнілмен әңгімелегендерін естіп мен де куандым.

Рахметтің мінезге байлығы, осы күнге шейін сол қалпында сақталғаны қайран қалдырады. Оның ақылдылығы мінезімен байланысты болар-ау деп те ойлаймын. Ондай адамдар замандастарына қаншалықты тиімді өсерін тигізетінін және өзі де мінезділігінің қандай пайдасын көретінін байқамайтын да шығар. Жай мінезді кісімен жұрттың бәрі ашық ақылдасып, сеніммен сырласа алады. Оның кемшілігін, қателігін тікелей көзіне қаймықпай айтады. Үйткені оның ықыласымен қабылдайтынына күмәнсіз сенеді. Сондыктан басқалардың сын-ескертпелерін тындалап өзінің ой-пікірін байытады, зиянды әдеттерінен құтылады.

Мінезсіз кісінің айналасындағыларға тигізетін зияны ұшантеніз. Ол үнемі ұрынарға қара таба алмай, екі ығын жұлып жетіндей жүлкіншіп пәле іздейді. Сөл нәрсені сылтау қылып шатақ шығаруға әзір тұрады. Ондай кісі пайдалы ақыл айтсан да бетіңе шапшиды. Оның ойланбай айтқанынан, ерсі кимылынан,

жөнсіз қылышынан талайлар жүргегін ауыртып, жүйкесін құртып жатады, ал оған бәрі бір.

Мақат мұнай кенішінің ірге тасын қалаушылардың бірі Төлекбаев Базарғали жас айырмашылығына қарамастан Рахметпен жиі кездесіп жарасымды өңгімесін айтып, пікірлесіп, сырын ашып, тәжірибесін үйретіп тұруды әдетке айналдырыпты. Оны піріндей сыйлап, туған баласындай үнемі амандық-саулығын тілеп отыратын. Сондыктан ба, әйтеуір, Алматыда ауруханада жатқан Рахметке арнайы барып, ауыр жағдайын көріп келгесін кешікпей дүние салыпты. Бір кездескенде естігенімді Рахметке айтып ем, ол: «Шынында да Мақатта еңбектес болған кейбір қариялардың ажалына мен кінәлі емес пе екенмін деп қысыламын. Ембінің атакты ардагер мұнайшылары Аманбердиев Ермаш, Шәудіров Құспан, Жоламанов Әмір, бәрі де Базарғали сияқты алыстағы астанаға барып, менің көнілімді құрап кеткеннен кейін көп үзамай қайтыс болыпты. Тіршілікте адам баласының шаруасы бітіп болған ба, науқастың көнілін құрауды кейінге қалдыра-қалдыра, соңғы сәт таянғанда бәрін жинап қойып жолға шығады еken де, жүздесіп, бакұлдасып келгеннен кейін үлкен бір борыштан құтылғандай боп мәңгілік сапарына жеңілденіп аттанады еken. Қайран бұрынғының адамдары-ай!» — деп Рахмет қимастықпен қынжыла еске алғанды. Рахметтің бұл болжамында негіз бар-ау деп ойлаймын. Оның халықпен тіл тапқыштығы, үлкенді сыйлап, кішіні қадір тұтып жүретін әдеті кейінгі кездегі жұмыс істеген ұжымдарда да айтылатын.

Рахаң қайда жүрсе де, қандай міндет атқармасын ылғи жаңалық табуға, тосын ой шығаруға құмарланатын да жүретін. Комсомол атты мұнай кәсіпшілігінің дінкесін құртып, зығырын қайнатып жүрген мұнай сорғыштың құмығып қалуынан құтқаратын әдіс енгізіп өнімді өсіріп, жоспар орындалап, еңбекақыны көбейтіп жұмысшылардың алғысына ие болды. Кезінде осы ұжымның кәсіподак комитетін басқарған ардагер-мұнайшы Құрманов Бисен Рахметтің бас инженер боп келген бойда көкейтесті мәселені дәл тапқанын, оны тез шешетін шараларды батылдықпен өндіріске ендергенін талай қайталап айтқанын естігенмін. Кошқар мұнай кәсіпшілігіне директор болып тағайындалғасын іле-шала өндіріске автомат енгізуге кірісті. Талабы табысқа жеткізіп облыста алғашқы автоматтанған өнеркәсіп мекемесі пайда болды. Жылой ауданында парткомның

бірінші хатшысы болып істеген қысқа мерзімнің ішінде өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының қарым-қатынасын нығайту, колхоздарға техникалық жәрдем беру, кала мен ауыл мәдениетін үштастырып дамыту мақсатына арналған жаңа шаралар халыққа қатты ұнаған. Ауданың «Күрметті азаматы» деген атак берілуі соның кепілі. Рахмет «Мен көрген Жылой» деген өлеңінде өзі еселі еңбек еткен ауданың абзal азаматтарына, солар арқылы барлық халқына алғысын айтЫП, былай тебіренеді:

*Мен сені бір көргеннен гашық болдым.  
Айырылсам оралуга асық болдым.  
Тұскенде үлкен өмір сапарына,  
Сен болдың бастамасы қашық жолдың.*

Раханың «Кең Жылой» деген кітабын аудан жұртшылығы куана қабылдады. Үйткені бұл шығарманың аркауы мұнай мен малы қатар өркендеген Жылой өнірінің өз адамдарының өмірінен алынған. Белгілі журналист К.Қалдыоразов: «Иә, сөйтіп аты азыға айналған қасиетті Кең Жылой жайында, оның азаматтары хакында ілкі көркем шығарма дүниеге келді» — деп мактаныш сезіммен жазғаны барлық жылойлықтардың көніліндегісі деуге болады. Ембі аудандық газеттің редакторы Дәuletov Болат газеттің атын «Кең Жылой» деп өзгертті. Көп кешікпей ауданың өзі Жылой атанды.

Рахмет Отесін ұлының ұйымдастырушылық қабілеті, елді еселі еңбекке жұмылдыра біletіндігі, жұмысшылардың талғамы мен талабын дер кезінде қанағаттандыра біletіндігі, тағы басқа онды қасиеттері өмір жолының таулы-тасты, ойлы-қырлы, бұлтарысты тұстарында анығырақ байқалды. Атырау облыстық партия комитеті 1961 жылы Раханды өнеркәсіп бөліміне бастық етіп тағайындаиды. Ол лауазымын пайдаланып Маңғыстаудың болашағына облыс басшыларын сендіреді де, назарын түгел түбекке аударады.

Батыс Қазақстан өлкесі құрылған соң Раханды өлкелік партия комитетінің өнеркәсіп бөліміне басшы етіп беркітеді. Бұл жерде де Маңғыстаудың қазба байлықтарын тезірек ашуға, игеруге, өлкенің мүмкіншіліктерін молырақ жұмсауды талап етеді. Бірақ өлкенің бірінші басшысы көнілін басқа салаларға басымырақ бөліп бағытын өзгерте қоймайды. Енді өндіріске тікелей араласу үшін мамандығы бойынша мұнай кеніштеріне жіберуді өтінеді. Ақырында арызын қайтарып алмағасын Өлкелік Комитет кетуден

өзі бас тартсын дегендей Маңғыстау мұнайгаз экспедициясының партком хатшылығын ұсынады. Рахмет сол бойда келісімін беріп түбекке кетеді. Сүйтіп аңсаған арманына жетеді. Яғни, ол Маңғыстау мұнай кенішін игеруге ғана емес, оны іздең табуға да үлес қосқан қайраткерлердің бірі. Өзен кенішінің өзінде бір миллиард тонна «Қара алтынның» жатқаны анықталды. Кеше ғана республика бойынша мұнай өнімін бес миллионға жеткізсек деген ұран көтеріп жүргенде Өзен жылына 20 миллион тонна мұнай береді деген болжам беркіді. Геологтардың, бұрғышылардың бұл табысы бүкіл елді куанышқа бөледі. Үкімет табиғат байлығын тез пайдалануды асыға жоспарлады, өнім көлемін белгілеп те үлгірді. Өзеннің қою мұнайын тиісті мөлшерде жер бетіне шығарып қашықтағы зауыттарға жеткізу керек. Бұл қыруар қын істі тындыру үшін 1964 жылы шілде айының 15-жұлдызында Өзен мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды, оның директоры болып Өтесін ұлы Рахмет тағайындалды. Бұл күн өлкे тарихында, мұнай шежіресінде аса маңызды орын алатын күн еді. Сол тарихи күні алыптың алғашқы басшысы Рахмет те өкпесін сүйреткен ескі Газ-69 автокөлікпен 50 шакырым жердегі Ераліден бес сағат жүріп жетеді. Өзінің бір естелігінде : « Сол күні қазіргі Жаңаөзен қаласының орнында көргенім құрылышылардың он шакты вагоны мен салынып жатқан екі барак» — деп жазыпты.

Кеңес кезіндегі өмірге енген әдет бойынша өуелі мұнай өнімінің жоспарын бекітіп заңға айналдырып алады да үй салуды соғын бастайды. Рахмет те бұрынғы мұнайшыларша бұл жөнсіздікпен күресіп көрді, бірақ жеңілді, күдерін үзіп өз күшіне сенуге мәжбүр болды. Әуелі өзіне сенімді көмекшілер, білікті мамандар табады, тәжірибелі жұмысшылар іздейді. Сол алғашқы аз қызметкерлерге жағдай жасаудың өзі қатты қинайды. Тұщы су іздең табу, оны жер астынан сорып шығарып құбырмен айдан тұрғындарға жеткізу. Жолсыздық жағдайда автокөлікпен Форт-Шевченкодан материалдар тасып үй салу. Ақтау қаласынан электр жүйесін жүргізу, байланыс желісін тарту. Тұтынушылардың, жастардың, окушылардың занды талаптарын қарызға қалдырмай қыс түскенше орындау. Өндірістің мұқтажы өз алдына. Өнім көбеймей қаржы бөлінбейді, ақысыз жұмыс істемейтіні тағы белгілі. Қысқасы тақтайдай теп-тегіс тақырдың үстінен болашақ Жаңаөзен деген қаланың бірінші қазығын қақкан, ірге тасын қалаған Рахметтің өзі айтпаса тындырылған істердің бәрін

басқалардың түгел білуі мүмкін емес. Өзі Өзенге арнап бірнеше кітап, көптеген мақалалар жазды, әлі де жазатын жайтар жеткілікті екенін де ескертіп қойды.

Маңғыстаудағы сәулетті қалалар мен поселкелердің, мындаған шақырымға созылған темір және тас жолдардың, су, газ, мұнай құбырларының, электр және байланыс жүйелерінің тұрғызылған кездерінде басы-қасында болғандардың бірі ретінде айтارым — сол ұлы істердің әрқайсысы жыр қылышпайттарлықтай, роман етіп жазарлықтай жеке тарих.

Сол айтса нанғысыз қыншылықтарды жеңіп, алуан-алуан істерді қысқа мерзімде бітіріп түбекті түлеткен еңбек қаһармандарына қазіргі азаматтар, болашақ ұрпактар борышты. Алыпты алғашқы игергендердің алдыңғы сапында Өтесін ұлы Рахмет тұрса ешкім қызғанбас деп ойлаймын.

Рахаң бес жылдың ішінде жоспарланған жұмыстарды түгел бітірді, болжамдағы көп жобалардың ірге тастарын өзірледі, бұрын кездеспеген 20-проценттік парафины бар мұнайды шығарудың молайтудың, алысқа жөнелтудің әдістерін тауып, өзгелерді үйретті, өнім көлемін 9 миллион тоннаға жеткізді.

Енді бас бағдарлама бойынша келесі алауға аяқ баса бергенде..!

1969 жылы қазан айының 28-жүлдызында мұнай министрлігі уәкілдерінің шақыруы бойынша жауапты мәжіліске катынасу үшін Ақтау каласына баратқанда орта жолда «Волга» автокөлігі аударылып апатқа ұшырайды. Кездескен кіслер қираған машинадан үлкен ептілікпен азар шығарады. Сол күні жел үрлеп, жаңбыр жауып тұрады. Қалай болғанда да қатты жаракаттанған кісіні дымқыл жерде ұзақ жатқызуға болмайды, қасындағылар жаппай жүгіріп жүріп бір жүк машинасын тауып, үстіне салып жақындағы емханаға әкеледі. Өзеннен, Ақтаудан, Атыраудан дәрігерлер келіп жедел көмектерін көрсетеді. Келесі күні Бакуден нейрохирург келіп сол жатқан жерінде операция жасауға ұмтылады. Бірақ басқа мамандар коштамайды. Алматыдан келген мамандардың ұсынысы бойынша бесінші күні Ан-24 ұшағымен астанаға жеткізіледі. Кеудесі жаракаттанып, төрт қабырғасы сынған екен, емгерлердің күшімен және өзінің қозғалмай жатуға шыдағанының арқасында сүйектердің сынығы тез біtedі. Енді өкпенің закымдалғаны аңықталады. Оны емдеудің де нәтижесі жаралы кісінің төзімділігімен байланысты екенін біледі.

Рахметтің дene мықтылығы бұл қауіптен де құтқарады. Сүйтіп ажалмен арпалысқан екі айдың ішінде сүйек сырқырауы бәсепсінді. Өкінішке орай, енді жаракаттардың ең ауыры қалпында қалады. Ол — бел омыртқа сынып, жұлын җанышылған. Оны дәрігерлер жасырады, үміттендіреді. Әйтсе де Рахмет екі аяғының аттап басуға жарамайтынын сезеді. Енді не болғанда да болашакты ойлау керек, өмір жолы кілт бұрылды, бағыт өзгереді.

*Соғып тұрса кеудемдегі жүрегім,  
Енді менің ОЙ болады тірегім.  
Қанат бітір қиялым құдірет,  
Деп құдайдан жатып алып тіледім — дейді.*

Маңғыстауда жүргенде бастаған кандидаттық диссертациясын жалғастырмақшы болады. Ауруханаға кандидаттық минимумнен емтихан алатын Комиссия шакыртады. Сүйтіп үш емтихан тапсырып, кандидаттық минимумді бітіреді, тақырыбын беркіттіреді. Үйдегі материалдарын алдырып өндеп, орталық журналдарға макалалар жариялады. Парафинды мұнайды жинау, тасылмалдау және газды мұнай өнімін өсіруге пайдалану жөнінде кітапшалар жазып шығарады.

Екі аяқта дәрмен жок, тұра алмай төсекте жатқан ауру кісінің кітап жазғанына таңғалғандар да болды. Өз көзіммен көргендіктен басқаларды да сендіре аламын. Әр үш сағатта медбикелер келіп аударып жатқызады екен. Сонда етбетімен жатқанда жазады да, он жақ жамбасына аударып салғанда не жазатынын ойлап жоспарлайтын көрінеді.

Осылай ауруханада жеті ай емделіп үш аяқты қол арбаға отыратында жағдайға жетіп үйіне келеді. Отбасында тағы бір қаралы хабар күтіп тұрғанын білмеген еді, әкесінің дүниеден өткенін естіртпегенді.

Әтекен қарт баласының көп кідіргенінен қауіптеніп, күнде кенсеге келіп директордың кабинеті жабық екенін біліп «Рахметімді күтіп тұр екен» — деп көніл жұбатып қайтады екен. Келесі бір келгенде есіктен сығалап стол жанында бөтен кісінің жайғасып отырғанын көреді де тез үйге келіп: «Енді баламның қатарға қосылмайтыны белгілі болды, тек жаны қалса игі еді, аллаттағала жалғызыымды ажалдан құтқара гөр, мен садақасына жарасам арманым жок» — деп айтып үлгіреді де құлайды, сөзге келмesten 78-ге келген қажырлы қарттың төзімді жүрегі тоқтайды.

Рахмет бұл орны толmas қазаға да шыдайды. Тағдырдың

тауқіметі жаралы жаңына қатты батады, әлсіреген теректі майыстырады, бірақ сындыра алмайды.

Белді бекем буып, білекті сыбанып жұмысқа кіріседі. Жатқанда ойланады, толғанады, үстелге отырғасын жазады, жазады.

*Еңбек мені қайта өмірге әкелді.  
Еңбек маган жаңа бақыт әперді.  
Шыбын жаңын жалғыз бала жолына  
Құрбан еткен, ұмыттырыды әкемді —*

деп тұжырымдайды, Рахмет, сол кездегі өзінің жан тेरбенісі туралы айтқанда.

Әуелі өндіріске жаңалықтар енгізуді мақсат етеді..

Себебі өлі де өзгелердің ойына түсे қоймаған өнімді өсіру кадесіне жарайтын әдістердің барлығын біледі. Осы бағыттағы онға жуық ұсыныстарын мекеме басшысына тапсырады. Бірақ, бұл күрделі жұмысты жалғастырудың реті келмейді. Үйткені жаңалықты өндіріске енгізу үшін ұсыныс иесінің өзі тікелей басықасында жүрмесе іс ойдағыдай бітпейді.

Енді кандидаттық диссертация қорғап, жарияланған бірнеше көлемді ғылыми басылымдарын пайдаланып ғылыммен шұғылдансан қайтеді деген ой туады. Өкінішке орай бұл жолдың да жабық қақпасы бар екен. Ғылымның соңына тұсу үшін күнделікті өмірдің жетегіне еріп жүру керек, өзі айналысқалы жүрген мұнай саласының да болашақ мұқтажын болжау үшін бүгінгі тіршілігін өз көзімен көрмесе тағы болмайды.

Сонымен Рахаң көркем әдебиетте бағын сынап көруге бекінеді. Өзінің саналы өмірінде көргенін елеп-екшеп, саралап қоғамның көшіне көмегін тигізетіндей сәттерін халқына ұсынуды көздейді. Естелік жазуға кіріседі. «Ақиқатқа айналған арман» атты кітабы 1974 жылы жарық көрді. Арманы белгілі, ол — ғасырлар бойы аңсаған Маңғыстаудың мол мұнайының көзін ашып халық иігілігіне пайдалану. Ал, Өзен кенішінің игерілуі — асыл арманның ақиқатқа айналғаны. Өзен туралы жазылған мақалалар, кітапшалар көп. Әйтседе арманды ақиқатқа жеткізген үлкен ұжымның бірінші басшысының сөзі басқа, көнілге қонымды, жүрекке жағымды, бәрі шындық, бәрімізге түсінікті. Алғашқы туындыны жүртшылық, өсіресе мұнайшы қауым ықыласпен қабылдады. Бұл жазушыға дем берді, қанатын қатайтып, сенімін арттырды.

1978 жылы «Айтылмаған ән» деген романы баспадан шықты.

Бұл кітап — жұмысшылар өмірінен жазылған елеулі туындылардың қатарына қосылды. Маған жіберген кітабының бетіне: «Жастарға үлгі болар деген үмітпен жазылды» — дегі.

1982 жылы «Алыптың ашылуы» деген повесть жарық көрді. Бұл кітаптың мазмұны айдарынан-ақ көрініп тұр. Дегенмен, өзінің маған берген данасындағы жазғанын келтіргім келді. «Маңғыстаудың бүгінгі жағдайын жапырағы жайылған мәуелі ағаш деп білсек, бұрынғысы — оның тереңде жатқан тамыры. Мына кітап, сол өткен өмірден бір сәт елес болар ма деген ізгі ниеттің туындысы. Автордың перзенттік парызын өтеу жолында, туған жер топырағына домалап түскен бір тамшы тер» .

«Алыстағы алау» деген повесть 1983 жылы шықты. Автордан кешірім сұрай отырып тағы да менің өзімे ғана жолдаған хатынан үзінді келтіргім келеді. « Бұрынғы кітаптарда Ембінің талай жыл толғатып, ақыры дүниеге келген Маңғыстаудай алыпты әкелгені әңгіме болғанды. Мына кітапта сол нәрестенің қаз тұруы, тәй-тәй басып жүруі, буыны бекіп, бұғанасы қату сөттері суреттеледі».

Енді Рахметтің көркем шығармаларының құндылығы қандай, әдебиет әлемінде қандай баға алды деген сұракқа келсек, оған әдеби сынның абызы, академик Мұхамеджан Қаратаевтан артық ешкім жауап бере алmas. Өндіріс тақырыбын жазушыларға жұмысшы психологиясын тереңірек аша тұсу керектігін айта келіп, Мұқан былай деген: «...таков Дарабай, старый опытный нефтяник, умудренный жизненным опытом и его сын окончивший Московский нефтяной институт. Образы отца и сына получились впечатляюще убедительными, так как вероятно сам автор повести «несказанная песня» Р.Утесинов, выступивший впервые в литературе, является инженером-нефтяником, хорошо знающим условия жизни Мангышлакских нефтяных промыслов.

Вот почему в повести слышится автобиографическая интонация».

(Писатель и время 1983г.стр. 279)

Рахметтің жеке өмірімен 1980 жылы Маңғыстауға жұмыс бабымен көшіп барғасын тығыз байланыста болым, жиі келіп әңгімелесіп тұруды әдетке айналдырды. Раханың ермегі жеткілікті екенін байқадым. Балдары мұнайшы болғандықтан тәжірибелі мұнайшы инженермен ақылдасып тұрады. Немерелері қасынан шықпайды. Сұрақтары да таусылмайды, айтатын соңғы хабарлары да аз емес. Сәлем берушілердің бірі кіріп, бірі шығып

жатыр. «Сынак» деген фильм шыққалы жан-жақтан хаттар жиі келетін көрінеді. Ғаділбек Шалахметов пен Марина Голдовскаяның Рахметтің соңғы жылдардағы ғажайып өміріне арнап шығарған фильмі Лейпцигте өткен деректі фильмдердің ХХ-шы фестивалінде құрметті диплом алған. Ресей Мәдениет министрі болған Николай Губенко осы фильмнің дикторы ретінде мазмұнын айтып тұрған. Атақты жазушы Константин Симонов кіріспе сөзбен оның шымылдығын ашқан,...Меня этот фильм привлекает тем, что главным героем его оказался Рахмет Утесинов, потомственный казахский нефтяник, уроженец этих мест, там где происходит событие, человек большой, трудной, героической и драматической судьбы. Вот на этом человеке, на его стойкости видно, чего стоят люди. Видна их душевная красота и душевная сила».

Мектептер Рахметтің ерлік өмірін тәрбие жұмыстарына үлгі етіп пайдаланатын болса керек, хаттардың басым көпшілігі жасөспірімдерден. Солардың бәріне ерінбей жауап жазып жібереді екен. Менің қолыма екі жауап-хаты тұсті. Ригадан келген студенттердің хатына берген жауабы:

«Это неправда, что трудная судьба укорачивает жизнь человека, она делает его крепче, закаливает до выносливости саксаула». Николай Островскийдің туған жері Шепетовкадан келген мектеп оқушыларының хатына жауап ретінде былай деп жазыпты: « Человек начинается с убежденной страсти сделать что-то для людей. Сколько этой страсти, столько его счастье» Осы хатында өмір, бақ, бақыт туралы өзінің пікірлерін айта келіп еврей халқының философы Гильельстің — « Если я не за себя, то кто же за меня. Если я только за себя, то зачем я?» — деген сөзін келтіріпті.

Қалалық партия комиетінің бірінші хатшысы Бекбосынов Нұрлыхан түрліше тапсырмалар беріп қаланың қоғамдық өміріне араластырады екен. Екеуінің мынадай әңгімесіне куә болғаным бар.

— Раха, жақында мәдениет сарайында жас мұнайшылармен кездесуінізді жоспарлап отырмыз.

— Айта көрме, шырағым, жүрттың көзінше көтеріп апарып сахнаға отырғызып, ал сөйленіз дегенде ағаңның үні өшіп қалмай ма?

— Не дегеніңіз, ешкім көтермейді, төрге өзіңіз шығасыз. Сахна жақта әдейі Сіз үшін істелген есік бар, сол арқылы кіресіз.

Стол жанына бәріміз бірге отырамыз, алдыңызға микрофон қойылады.

— Жарайды, бұны да көрейін. Тек мені аяп, есіркеп қол соғып қарсылап, сұрак бермей, мактап жүрмесін.

Кала басшыларының өтініші бойынша радиомен дәріс оку, газет арқылы кейбір күрдөлі мәселелер жөнінен пікір айту, өндірісте жиі кездесіп тұратын қыншылықтар туралы ақылдасу, тағы басқа пайдалы істерді ақысыз орындауға Рахан ренжімейді екен.

Кеніштің басшысы Батырбаев Махамбет өзінің бұрынғы бастығымен карым-қатынасын үзбей, отбасымен араласып, жағдайын біліп тұрады екен.

Қысқасы қаланың да, мекемелердің де басшылары, жалпы мұнайшы қауым Раханды бағалай да, пайдалана да білетіні байқалды.

Рахметтің көніл-күйін бет-әлpetінен білу қын , ол үнемі жайдары отыруға тырысады, аз-мұз кірібіні болса да байқатпайды.

Ал, Сақыштың бетінен бәрі айнадай жарқырап көрініп тұрады. Ол ешқандай бүкпесіз ойындағысын ашық та тіке айтады. Соңдықтан телефон арқылы жағдай білгім келгенде өуелі Сақышпен сөйлесіп аламын. Үйіне барғанда да бірінші Сақышты көріп жағдайды байқап, сосын Рахметпен амандасамын. Ал, енді шынымды айтайын, бес жыл бір облыста бірге тұрып талай рет кездескенде бірде-бір Сақыштың өні бұзылғанын, ренішті реңін байқаған емес-пін, үнемі ақжарқын жайдары жүреді, Бауырмалдығы, қонақжайлылығы, жомарттығы бұрынғы қалпынан бұзылмайды. Үнемі атасының қасынан шықпайтын сүйікті немересі Едігенің қапыда қайтыс болуымен байланысты көніл айтуға барғаным бөлек жағдай.

«Көкек» деген өлеңіндегі:

*«...Біреуді іздең тұрмысың  
Өзіңменен тіл табар?  
Экелдің бе жыл құсым,  
Едігемнен бір хабар?  
Қайта келіп қонасың  
Ұшып кетіп тыз етін.  
Жатыр ма екен боташым,  
Жамбасынан сыз өтіп... —*

деген жолдарды оқығанда жүрегің ата қайғысынан езіліп, онымен бірге егілесін:

Рахмет өзінің женістерін, жетістіктерін сүйікті зайыбы Сақышпен байланыстырады. Онысы өте дұрыс, нағыз әділдік. Ауруханада жеті ай төсек тартып жатқан ауыр жаракатты кісінің касында сарғайып отыру оңай нәрсе емес. Үйде қалған төрт баланы, 80-ге келген қайын атаны ойламауға тағы болмайды. Ұзак жылдар мүгедек жолдасының жаңына жара түсірмей бағып келеді және оның құрметті де қыын жұмысына жәрмдемдесуде. Жолдасына осылай шын берілгендей — таза махаббатының өсері болар. Сақыш — саналы әйелдің ұлгісі, ұл өсіріп келін түсірген, қыз ұзаткан, немерелер тәрбиелеген ардакты ана.

Қарабалина Сақыш Қабдырахман қызы Өзен қаласында ашылған алғашқы мектептің бірінші директоры. Зейнеткерлікке шығардың алдындағы 15 жылдай қалалық оқу бөлімін басқарды.

«Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім» деген құрметті атақтың иегері. Облыстық, қалалық кенестерге әлдененше рет депутат болып сайланған, мемлекеттік наградалар алған еңбекқор ұстаз.

Рахмет өлі жұмыс ұстінде. Соңғы жылдары поэзияға ауысты Манғыстау, Атырау газеттерінде жарияланған нәрлі де көлемді өлеңдері окушыларға ұнап, халық аузына іліне бастапты. Басқа да ойлы очерктер, мазмұнды мақалалар, өсерлі өңгімелер өртүрлі басылымдарға шығып тұрады. Олардың бәрі де тәрбиелік маңызы бар туындылар.

Рахан қазіргі жаңа қоғамның нарықтық экономикасының күнделікті жағдайымен танысып, оның өтпелі кезеңдегі шараларына талдау жасап отырады, өз пікірін ортаға салудан да қашпайды. Мақалаларын оқысаң жақсылыққа жадырап, жамандыққа жаңы ауырып отыратыны байкалып-ақ тұр. «Саудасаттықтың құпиясын, кәсіпқойлық, есептілік, тапқырлық сияқты қасиеттер біздің халыққа бүйримаған деген ұғымның заманы өткен. Енді өлгі қасиеттерді еңбекқорлыққа қосып бүкіл жас ұрпақтың бойына дарытуға, нарықтық қатынаста бәсекеге түсуге тырысқан жөн» — дейді өзінің «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған «Дәнді қауыздан айыра білейік» деген мақаласында.

«Береке басы бірлікте» деген 1991 жылы жазылған мақаласында Өзенді алғашқы игергендер туралы айта келіп: «Айдалада, ала шаңның астында қатқан қара нанды кеміріп, бір стақан суды бөліп ішіп жүріп, бір атаның баласында тату тұрғанбыз. Ұлтқа, руға, жерге бөлу деген болмайтын. Соңғы кезде Манғыстаудың кең даласына сыймай бір-бірімізді мүйіздейтінді

шығардық. Басқасын былай қойғанда алакандай Атыраудың ру-  
ру бол өзара керілдесіп жатқанын естігенде ішің удай ашиды.  
Оу, ағайындар-ау, не бол барамыз, кеп-кешегі кең далалы, кең  
пейілді, қонақжай қазақ атанған ел емес пе едік? Ата -  
бабаларымыздан қалған осы атағымыздан айырылмайықшы деп  
айқай салғын келеді» — деп қынжылады да осы аурудың  
шипасын да көрсетіп береді. «Адамдардың бастьарын қосып,  
біріктіретін, араларын жымдастырып, жақын қылатын — ортақ  
кәсіп. Кәсібі бірдің — мұддесі бір. Мұддесі бірдің — мақсат, тілегі  
бір».

Рахмет туралы Мәскеуден берілген көгілдір экран ақпаратын  
жүргізген акын Роберт Рождественский: « Шынында, адамның  
қасірет-қайғыны жеңе отырып, күресті тоқтатпайтыны, өмірді  
сүюден айнымайтыны тамаша емес пе? Сіздердің аттарыңнан мен  
Рахмет Өтесіновтың қолын қыссам деймін. Мен оған шын  
жүректен талмай еңбектену мен сәттілік және қайсаrlық тілер  
едім» (Орысшадан аударған Ңұрқасым Қазыбеков). Біз де сол  
тілекке қосыламыз.

## ҚАРА ҚАЗАҚ

1951 жылы Атырауға келіп Мұнайшылар кәсіподағына нұсқаушы болып орналасып, жұмысқа шыққан күні-ак комитет хатшысы: «Сені ертең «қара қазақ» қабылдайтын болды» — деді де менің таңғала қарағанымды байқап, шакыруышы кісі облыстық кәсіподактар кенесінің төрағасы Жұмаханов Ғұмар Мұсаұлы екенін түсіндірді.

Бұл жалған атты ерсілеу көріп, оның ақиқатын анықтағым келіп өзімше едәуір зерттедім. Бірак көпке шейін тұжырымды жауап таба алмай-ак қойдым. Басқалардан батылдау Калмұқанов Тұхватолла деген нұсқаушыға өзінен сұраттырып-ек, «Атырауда менен басқа қара кісі болмағаны ғой» — дегенгімені әзілге айналдырып, тез доғарыпты. Дегенмен, әркімнен сұрастыра келе осы аныздың тарихын да таптық-ау.

Ғұмекен 1934 жылы бір мектептегі дау-далабының кырсығынан Құрманғазы аудандық партия комитетінің хатшылығынан босатылып Атырауға ауысады. Бірак, «зәбірленген» топ арыз жазуды токтатпайды, ақырында соның салдарынан Ғұмекен тұтқынға алынады (ол заманда шағым арызда көрсетілген деректердің бес проценті расталса кінәліні жазалайтын-да, ал тоқсан бес проценті жалған жала болса-да арыз иесі жауап бермейтін).

Ғұмекеннің бағына орай дәл сол мезгілде Атырауға ССРО азық-түлік министрі А.И.Микоян келіп өзімен Алматыда, Астраханда, Атырауда 1931 жылы кездескен бір қара қазакты іздейді, аты-жөнін ұмытыпты. Ол кісінің балық шаруашылығын жетік білетінін, орыс тілінде еркін сөйлейтінін, әсіресе Атыраудың балық басқармасын құруға белсене қатынасқанын және сол жас құрылымды тез аяқтандыруға үлкен үлес қосқанын әнгімелейді. «Бөліну» мәселесін талқылағанда дәлелді ұсыныстарын батыл да тіке айтқанын есіне түсіреді. «Өнімнің көбін біздер береміз, ал басқарушылар, қаражат, зауыттар, кемелер, құрал-саймандар — бәрі Астраханда шоғырландырған. Бұл өділсіздік тек Қазақстанға ғана емес бүкіл мемлекетімізге

зиян келтіретінің сіздер жақсы білесіздер, бірақ өзімшілдіктің таркөз ауына шырматылып отырсыздар» — деп ресейліктердің бетін қызартқанына риза болғанын айтады. (Кейіннен Микоян бір ресми сөзінде осы жағдайды шовинизмнің нәтижесі деп бағалайды).

Осыдан кейін тыңдал отырғандардың бірі: «Мінездемесіне қарағанда министрдің іздегені Жұмаханов болуы мүмкін» — дейді. Сонда Микоян енді есіне түсіріп куанады да өкінішке орай оның тұтқында отырғанын естіп қатты қынжылады. Асығыстығына қарамастан істің мән-жайын тәптештеп сұрап, тағылған кінәларға талдау жасап, ешқандай қылмыстың ұшқынын таппайды. Сол бойда Мәскеуге жеделхат жолдал Жұмахановты босаттырады да кезінде өзі үйымдастырған трест басшысының орынбасары етіп тағайындейды. «Денсаулығың қалпына келгесін бастық боласың» — деп ескертеді. Ғұмекен, бірде денсаулығы туралы айта келіп:

« Өзімде күйгелектеу адам едім, жазықсыз жазаланғаным жаңыма қатты батты және өкпеме салқын тиіп науқастанып шықтым, оның салдары өкпе ауруына шалдықтырды» — дегенді. Ғұмекен осы көрген азабын «домалақ» арыздың зардабы деп есептейтін. Сондықтан болар, әйтеуір, аты-жөні көрсетілмеген арызға жаны қарсы болатын, текстерпей бірден «жауып» тастантын. Біреудің кемшілігін көрсетіп пәлелеп жазған арызға да мән бермейтін. «Өзің де періште болмассың, неге оның көзінше ашық айтпайсың» — деп бір шағым арызға айқыртып жазған бұрыштамасын хатшы қыз бәрімізге көрсеткенді.

Ғұмекенің ресми қабылдауында да болдым, өзі өткізген мәжілістеріне де қатыстым, дастархан жынында да кездестім. Эрине, солардың бәрі бірдей ұмытылған жок.

Бірде өзінің шақыруы бойынша келгенімде өткір көздерімен бетіме тіке карап біраз отырды да әңгімесін емтихан алғандай сұрактан бастады.

— Сен, осы кабинетте неше рет болдың?

— Екі-үш қайтара келген сияқтымын.

— Жоқ, менің есігімді бесінші рет ашып отырсың, үйреніскендей болдық. Бұгін сенімен ашық та сеніммен сөйлескім келіп отыр. Өзің білесің обласвпрофтың штаты жеті-ак кісі, оның үшеуі ғана нұскаушы. Сондықтан штаттан тыс ақысыз жұмыс істейтін «акылсыз» кісі іздеймін. Мысалы, сені өзіме көмекші қылғым келеді. Жас басшының көмекшісі

тәжірибелі тіскаккан кісі болғаны пайдалы, аз мен сиякты көрі адамның косшысы жас болғаны жөн. Әрине, өзінің негізгі жұмысынан қол үзбейсін. Егер маған арқа сүйеп бастығына қыр көрсетсең екеуміз үйлесе алмаймыз.

— Сіздің шешіміңізге қарсылық ете алмаймын, тек үмітіңізді актау қолымнан келсе деп жүрексініп отырмын. Әйтпесе бастығымның қарсылық етпейтініне сенемін. Себебі, ол кісімен әуелден таныспын, 1948 жылы екеуіміз Доссорда бір бөлмеде тұрғанымыз бар. (Әңгіме мұнайшылар кәсіподалағының төрағасы Есенжанов Жетпісбай туралы. Ол кісі-соғыс ардагері, майданнан ерекше ерлік көрсетіп, зор абыраймн оралған офицер. Көп жылдар «Жаңа өзен» қалалық кенесінің төрағасы болған, мұнай кәсіпшіліктерінде жауапты жұмыстар атқарған кадірлі азамат).

— Жарайды, олай болса, келістік, болашакты мезгіл шешеді. «Қосшылыққа жараған басшылыққа да жарайды» — деген қазактың қанатты сөзі төкке айтылмаған шығар, оны да есінде сакта,— деп қолымды қысты (осы халық нақылы өмірдің өндеуінен өткен ақиқат екенін өз тәжірибемде дәлелдеді. Откенді ойыма түсірсем, сенімді серік болған көмекшілерімнің бәрі жауапты лауазымдарға ие болып, ел басқарып, халық сеніміне бөленіп, парасатты азаматтар болды, ешбіреуі де өсекаянға, жат міnezге, жаман атаққа шалдықпады).

Ғұмекенмен келесі кездесуіміз өсерлілеу өтті. Кабинетке кіріп сәлемдескеннен кейін стол жанындағы аға нұсқаушы Есенғұлов Атластың қасына жақындай беріп едім, «қарсы отыр» деп мензеді. Бір-екі минөттей үнсіз отырды да: «кейбір салалық одактардың төрағалары кәсіподактар кенесінің керегі жоқ, жұмысымызға кесел келтіреді дейтін көрінеді. Саламат, осы мәселе жөнінде сенің пікірің қандай? — деді. Әрине, облыстық кенес болмаса мазалаушылар азаяды, бақылаудан құтылады, еркіндігі кенейеді. Бірақ, кәсіподактардың басын қосып бірігіп шешетін мәселелер аз емес. Мысалы, кадрлерді оқыту, озат тәжіриbenі табу және тарату, жұмысшыларды, олардың балаларын сауықтыру, өз биілігіндегі демалыс үйлерін, клубтарды, стадиондарды, спортзалдарды тиімді пайдалану сиякты ортақ істі бытыранқы күшпен бітіре алмаймыз. Әр кәсіподактардың астанада шешетін мәселелері болса он адам аттанғаннан гөрі бір кісінің барғаны тиімді емес пе. Партия, Совет органдарына жеке кәсіподактың уәкілі сайланса, ол өз

одағының ғана қамын ойлайды, сондыктан кәсіподак кенесінің өкілі болғаны пайдалы болар... — дедім. «Ал, Атлас, облыста профсоюздың жұмысын сенен артық білетін кісі жок, енді сенің пікірінді тындастық» — деді Ғұмекен. Есенғұлов жауапқа әзір екен, тез сөйлеп кетті. «Казір, әр кәсіподак (олар бізде оннан асады) үш қожаға бағынады: өзінің республикалық комитетіне, кәсіподактар кенесіне, партия комитетіне. Бұл олардың қимылын тежейді, еркіндігін ықшамдайды. Бүгінгі жағдайда құш біріктіріп кіммен құреспекшіміз. Партияның нұсқауды бойынша біздер жұмыскерлерді қоғам мұлкін молайтуға шақырамыз. «Ереуіл» деген сөзді ауызға алуға қорқамыз. Себебі, ол қоғам мұлкін шығынға ұшыратады, ал қоғамның иесі жұмысшы табы, совет халқы. Егер мұлік жеке меншікте болса, табыстың иесі бір кісі не ықшам топ болса, жалданған жұмысшыларға үлесін толық алу үшін құш біріктіріп құресу қажет болар еді...» — деді. Сол күні осы сияқты түрліше дәлеледемелер, ой-пікірлер көп айтылды, кейде қызарандал дауыс көтеруге де барыстық. Сонынан Ғұмекен, Есенғұлов екеуіміздің болашакта да жиі кездесіп, таза ниетпен ашық пікірталасын жалғастыра беруімізді, тату-дос болуымызды тілеп өсиет айтты. «Екеуіне де ризамын, бәрімізде олжалымыз. Мен сендерді ойлануға, білетіндерінді жарыққа шығаруға мәжбір еттім. Ал, сендер менің сандығымда жатып тозған ойларымды орнынан қозғадындар. Саламат, сен тәжірибелі кенейт, білімінді өрге шығару үшін жігерлене түс, лауазымың өссін, республика кәсіподактарының басшысы болуынды тілеймін. Атлас, сен байқалмай жүрген талантсың, оны өзің сезбейсін, әлі орта мектептің куәлігімен жүрсің. Талаптанбаған талант мұз астындағы тұншыққан балық сияқты, үнсіз де қимылсыз жата береді. Кешікпей облыстың кәсіподактарын сен басқарады деп үміттенемін. Партияға кіре алмай жүргенінді білемін, әкең 1937 жылы «Халық жауы» деген желеумен жоғалған көрінеді ғой. Қорықпа, Отан соғысына қатынастың, қан төгіп ел сенімін актадың, арың таза» — деп жаурынан қағып қамқор көнілін байқатты .

Ғұмекенің игі тілегі сол бойда бізге айтарлықтай әсер бермегенді.

Кейіннен Есенғұлов көп жылдар Атырау облысында теміржолшылар, мұнайшылар, балықшылар кәсіподактарын басқарады. Мен болсам облыстық, республикалық кәсіподактар

кеңесіне тәрағалық еттім. Амал не, Ғұмекен өз жорамалының жөн болғанын көре алмады, бұдан отыз жыл бұрын дүниеден өтті.

Ғұмекенмен тағы бір кездескенім есіме түседі. Бұл жолы Ғайнижамал жеңгейдің түйе сүтін күйған қою шәйін іше отырып отағасының өнегелі әңгімесін ықыласпен тындағым және көптен көнілімде жүрген сұрағыма жауап алдым. «Ғұмеке, сізге жұрттың «қара қазак» деген бүркеме ат қою себебін білеміз ғой, дегенмен Микоянмен кездескенің туралы айтсаныз» деп қолқа салдым. Қабырғада ілулі тұрған Микоянның суретіне бір қарады да әңгімесін бастады. «Тұтқындағы міндетім атарбамен Жайықтан су тасу болатын. Бір күні екі милиция қызметкері алдынан шығып токтатты да Микоянның тез шақыртып жатқанын хабарлады. Үйге барып киініп шығуыма азар келісті. Микоян кездескенде «жолдас» деуге «қылмыскердің» қакы жок, бірден атын атау ыңғайсыздау сияқты. Не де болса кідіруге болмайды, тәуекел деп есікті ашып ем өзі қарсы жүрді. «Здравствуйте, товарищ Жумаханов» — деп қос қолын ұсынғанда көзімнен жас шығып кеткенін байқамай калыптын. Бұл саналы өмірімде бірінші рет жылағаным еді. Министр баласындағы жұбатып, мені жұмысқа тағайындау туралы бүйрүғын қолыма ұстадты. Ұзак әңгімелесуге ынтасы болғанмен мезгілінің жоктығын ескертіп кешірім сұрап қоштасы» — деп тағы да қамқоршысының суретіне қарады. «Сол соңғы рет көнілініздің бұзылғаны шығар, Ғұмеке,» дедім, сөз туғызғым келіп. «Жок, одан кейін де көзді сулауға мәжбір болғаным бар. Ол 1937 жылғы оқиға. Орал-Каспий балық тресінің басқарушысы болып істеп жүрген кезім еді. Бір күні НКВД шақырды, астыртын бақылау қойылғанын сезіп жүретінмін. Сейфтен наганымды алып, қалтама қағаз, қарындаш салып, үйге хабарлап, орынбасарыммен қоштасып «барса келместің» соқпағына түскен шығармын деген күдікпен шықтым. Келгесін босағадағы сақшы наганымды тапсыруымды талап етті. Наганды бермеймін деп қасарып тұрып алдым. Телефонмен бастығына хабарлап еді, кіруге ұлықсат етті. Бастықтың кабинетіне кіріп нұсқаған жеріне отырдым. Ол алдындағы қалың папкіні ашып оки бастады. Барлық көрсетілген деректерге толық та анық түсініктеме беруге міндетті екенімді ескертті. Менің тарапыма айтылған кінәлардың бәрін әдейі ойдан шығарып құрастырғаны байқалып тұр. Дәйектеріне түгел қысқаша жауап бердім және жалған жалалардың төркінін де, мақсатын да жақсы білемін —